



Ақмешіт

12 қараша
сенбі

№90 (1894)

2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



КЕШЕ Ә.ТӨЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ
КІТАПХАНАДА «СИҚЫРЛЫ ТАС», «ӘЛ-ФАРАБИ»
МУЛЬТСЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША «ASU» БАСПА
ҮЙІ ШЫҒАРҒАН БОЯУ КІТАПШАЛАРЫНЫҢ
ТҮСАУКЕСЕРІ ӨТТІ.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ



Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары
Нұрымбет Сақтағанов, облыстық қоғамдық даму
басқармасының басшысы Мира Қазбекова, облыстық
мәслихат депутаты, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры
Аманжол Онғарбаев, «ASU» баспа үйі» ЖШС басшысы
Қасымхан Қыдырбаев және басқа да зиялы қауым өкілдері
қатысты.

2 БЕТТЕ

ҰЛТ ҮМІТІ

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕГЕНДЕР АЗАМАТТЫҚ АЛА АЛМАЙДЫ

Кез келген ұлттың, халықтың ең басты байлығы – ана тілі. Сондықтан да мемлекеттік тілді барлық салада қолданып, аясын кеңейту жолында қызмет ету әрбір қазақстандықтың алдында тұрған парызы десе де болады. Еліміз егемендігін алғанына отыз жыл болса да бүгінде тіл мәселесі тұғырдан түскен жоқ. Себебі әлі де өз тілін менсінбей, өзге тілде шүлдірлеп қазақ тілінің қанат жаюына кедіргісін келтіріп жүргендер баршылық.



Тіл – ұлттың жаны, рухы, өткені мен келешегі. Ұлтты ұлт етіп көрсететін өзінің мемлекеттік тілі. Сондықтан туған тілдің өрісін кеңейтетін уақыт жетті. Ол үшін үш нәрсе қажет екені белгілі. Атап айтсақ, қажеттілік, сұраныс, талап. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі жіті мән беріп келеді. Талап та күшеюде. Осы орайда Президент:

– «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі шын мәнінде білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Жалпы мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Сондықтан қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Ата

заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі», – деген болатын.

Сонымен қатар Президент «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» мақаласында: «Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші

факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері мен кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты», – деді.

2 БЕТТЕ

ТАЛАП КҮШЕЙДІ

Уәдеңе беріксің бе, депутат?

Депутат болу енді оңай болмайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жанару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында айтқан еді.

«Императивті мандатқа көшу депутаттардың сайлаушылармен өзара байланысын нығайта түседі. Бір сөзбен айтқанда, енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Бұл – халық қалаушыларына ықпал етудің тағы бір жолы. Осы ұстаным демократия дәстүрлерін едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырады», – деп атап айтты Президент.

Демек, депутаттардың сайланып алып, уақыт өткізуіне жол жоқ. Халық сұранысына сай, елдің өзекті мәселелері депутат тарапынан атқарушы билікке, тиісті орындарға жетуі тиіс. Жолдауда айтылған бұл мәселе көп ұзамай іс жүзінде жүзеге аса бастады десек қателеспейміз. Жолдау жүктеген тапсырманы орындау мақсатында арнайы заң жобасы туралы Әділет министрі Қанат Мусин былай деген еді:

«Сайлау процесі заманның талаптарына сай жетіліп келеді. Депутаттық мандатты кері қайтарып алу жаңа



институты енгізіледі. Мандатты кері қайтарып алу институты реформаның маңызды қадамы шығар. Өйткені бұрын заңнамада мұндай норма болмаған. Енді сайлаушылар өздері шешім қабылдайды. Жағдай әртүрлі болады. Оны сайлаушылардың өзі шешуі керек», – деп түсіндірген болатын.

2 БЕТТЕ

ЖАҢА МЕДИА

Технократтар заманында жаңа технологиялар көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатыр. Күн сайын жаңарған технология бұқаралық ақпарат құралдарын да айналып өтпесі анық. Бүгінгі уақыт талабы – жаңа технологияларды пайдалану арқылы сапалы өнім ұсыну.

МЕТАҒАЛАМ: Ақпараттың шексіз мүмкіндігі



Айта кетелік, жақында өткен «Astana Media Week» форумының жаңалығы мета болғанын барлық ақпарат құралдары жарыса жазды. Шынында Мета деген не? Бар болғаны бір компанияның аты ма? Жаңа медиа

үшін метағалам қалай әсер етеді? Біз оның мүмкіндігін қалай пайдаланамыз? Ең әуелі метағаламның қырсырын түсініп алайық.

2 БЕТТЕ

АЛАҢДАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ

АДАМ САУДАСЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЯР КҮН БАР МА?



Адам өміріндегі әділетсіздіктің ең ауыры – басыңның саудаға түсуі. Құдайдың бір жаратылысын екіншісі басынып, құлдыққа салып, саудалап жатса одан асқан ақырет, азап бар ма?

Адам саудасы ежелден бар дүние. Жаугершілік замандарда қолға түскен тұтқындардың мойнына шылбыр салынып, бірақ сатпа құлға айналғаны тарихтан белгілі. Ешкімге тізе бүккісі келмесе де шарасыздық қамытын кигендер ол тұста аз болған жоқ.

Құлдықта ұстап, жұмысқа жегіп, адам еңбегін пайдалану америкалықтардың қара нәсілдерге көрсеткен құқайынан көрініс табады емес пе? Ондағы құрылыс басында, егіс алқабында жүретін африкалықтар ең негізгі жұмысшы күш, ал еңбегіне сай бағаланбауын құқығының тапталуы дер едік. Шарасыздықтан құлдық санаға бейімделген оларға бұл өмірі қалыпты шығар, бәлкім. Бұл жағдай әлемде қара нәсілділерді адам саудасындағы басты бейне ретінде көзқарас қалыптастырды. Оларға деген теріс түсінік, алалаушылық пайда болды. Ашық дереккөздегі мәліметке сүйенсек, 1619-1860 жылдары Африкадан 19 миллионға жуық адам құлдыққа әкелінген екен. Бұдан бөлек 60 миллион африкалық жолдағы азапты жағдайға төзе алмай жан тәсілім еткен. Осылайша Африканың 80 миллионға жуық адамы құлдықтың құрбаны болған. Құлдық мәселесі ежелгі римде де, ислам діні келгенше Араб елдерінде де болған.

Бұл құлдыққа жегу дегенде көпшіліктің алдымен есіне түсетіні. Шындығында бұл үрдіс сонау перғауындар заманынан бастау алған дейді мамандар. Кім білсін, мүмкін одан да арыда жатқан шығар.

4 БЕТТЕ

Баспасөз-2023

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500
тенге, мекемелер үшін – 3500
тенге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81,
70-14-08.

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕГЕНДЕР АЗАМАТТЫҚ АЛА АЛМАЙДЫ

Әрине, мемлекеттік тілді өркендету мәселесі бірінші кезекті ұлттық патриотизммен тығыз байланысты болуы керек. Өйткені ұлт пен тіл егіз ұғым. Қазіргі уақытта қазақ тілін білмейтіндерге талап күшеюде. Алдағы уақытта ел заңнамасына мемлекеттік тілді білмейтіндерді азаматтық беруден бас тартуды көздейтін түзету енгізілмек. Бұл туралы Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауабында айтылды.

– Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға мемлекеттік тілді, тарих пен ұлттық заңнаманың негіздерін білмеуді азаматтыққа қабылдаудан және қалпына келтіруден бас тарту үшін қосымша негіз ретінде көздейтін, сондай-ақ қос азаматтығы фактілерінің алдын алуға бағытталған түзетулер әзірленді, – деп атап өтті Үкімет басшысы.

Премьер-Министрдің айтуынша, аталған заңнамалық түзетулер Парламент депутаттары бастама жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша Парламент депутаттарының түзетулеріне, Үкімет қорытындысының жобасына енгізілді.

Бұл жаңалық қазақ тілінің болашағы үшін алаңдайтындарды өзіне қаратты. Халықтың көбі ұлттық тіліміздің мәртебесі артып келе жатқанына қуанады. Депутат Қазыбек Иса «Ресейде азаматтық алу үшін ғана емес, жай жұмысқа тұру үшін алдымен мемлекеттік тілді білуің керек» деген ереже бар екенін еске салды.

– Қазір геосаяси жағдайларға байланысты біздің елге басқа елдерден қоныс аударушылар ағылып жатқандықтан, ұлттық қауіпсіздік мақсатында 2019 жылы «Ақ жол» фракциясы ұсынғандай, Қазақстан азаматтығын алу үшін мемлекеттік тіл Басы 1-бетте

мен тарихынан емтихан тапсыруы тиістігін заңмен бекітуіміз керек» – дейді ол.

Ал тіл жанаушыры, саясаткер Дос Көшім бұл тәжірибе әлемнің көптеген елінде бар екенін айтады.

– Азаматтық алатын адамдардың мемлекеттік тілден емтихан тапсыруының тәжірибесі өзге де елдерде бар. Мәселен, керек десеніздер Ресейде уақытша жұмысқа келген, үш немесе алты айға келген гастербайтерлерден орыс тілінен емтихан тапсыруын талап етеді. Онсыз жұмыс бермейді, көше де сыпыртпайды. Сондықтан егер бұл шын жаңалық болса, әшейін хайп болып қалмаса, мен, әрине, мұны қолдаймын. Ал басқа жақтан келетін қазақ бауырлар өзінің қазақ тілін үйрене алмаған жағдайды өз басым қабылдамаймын. 30 жылдың ішінде қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, үйренген адам үйренді, үйренбеген адам шын мәнінде қазақ емес, әйтпесе қазақ тілін қолдамайтын адам. Ондай адам бізге керек пе? Менің ойымша, шетелдегілердің көбі (қандастардың) қазақ тілін біледі. Оларда ниет те, көңіл де, жүрек те бар. Сондықтан бұл заң оларды өзектен тебу болып саналмайды, – дейді Дос Көшім.

Сонымен қатар саясаткер бұл заң Қазақстанның өз ішіндегі орыстанған қазақтарға, осы уақытқа дейін қазақ тілін үйренбеген басқа ұлт өкілдеріне салмақ түсіретінін айтады.

Дәл қазіргі уақыт тіл мәселесіне бей-жай қарайтын кезең емес. Себебі тіл жоғалса руханиятымыз да әлсіреуі ықтимал. Сол үшін де еліміздің әрбір азаматы Отанға деген құрметі болса мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс. Оның кәдіріне жете білгеніміз абзал. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қазақ тілі туралы «Түркі тектес тілдердің ішіндегі ғайһары – қазақ тілі» деп баға берген. Олай болса ұлттық

тіліміздің мәртебесін арттыру бүгінгі ұрпаққа артылып отырған зор міндет. Өз елімізде өз тіліміз өгейісімеуі тиіс. Өз ұлтыңды құрмет тұту, туған тарихтан, ана тілден ажырамау – ел ертеңі жас ұрпақтың бойына сіңіретін негізгі қағидалар екені анық.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



Әбділдә Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада «Базар жыраудың әдеби мұрасы» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Еңбектің авторы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы мен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлзира Оралова.



ЖЫРАУДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

«Базар жыраудың әдеби мұрасы» атты жаңа кітап – жырау шығармашылығы туралы екінші монография. Тұсаукесерде Бағдат Кәрібозұлы кітапта жыраудың толғаулары мен дәстәндерінің әдебиет тарихындағы өзіндік орнын, ерекшеліктерін бүгінгі әдебиеттанудың талап-талғамына сәйкес зерделенгенін айтты.

– Базар жырау шығармалары Сыр өңірінен шыққан ақын-жыраулардың ішінен алғашқылардың бірі болып Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаевтың назарын аударған.

Сәкен Сейфуллин «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы – Базар жырау» десе, Мағжан Жұмабаев: «Асса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойына терең бойлаған» деп, Базар жыраудың ақындық қабілетін жоғары бағалаған, – деді Бағдат Кәрібозұлы.

«Ақмешіт ақпарат»

Уәдеңе беріксің бе, депутат?

Сонымен қатар министр бұл институтты депутаттың бәсекелестері теріс пайдаланбауы үшін нақты процедурасы бар екенін атап өтті.

«Сайлаушылар депутаттың мандатын қайтарып алу туралы дауыс жинауы керек. Мандатын кері қайтару үшін сайлаушылардың отыз пайызы қолын қою керек. Ондай жағдайда сайлау комиссиясы сайлау күнін анықтайды, содан кейін сайлаушылардың елу пайызынан астамы депутаттың мандатын кері қайтарып алуға дауыс берсе, мандаты қайтарылады», – деді Қанат Мусин.

Жақында бұл мәселе заң жүзінде бекіді. Ресми мәліметке жүгінсек, Әділет министрінің орынбасары Алма Мұқанова уәдесін орындамаған депутаттардың мандатын қайтарып алу туралы институт енгізілгенін мәлімдеді.

– Енді депутаттар сайлауалды бағдарламасын дайындаған кезде өте сак болғаны жөн. Себебі халық қалаулысы берген уәделерін орындамаса,

қоғам сұранысын қанағаттандырмаса, мандатынан бір сөтте айырылуы мүмкін. Бүгінде депутаттық мандатты қайтарып алу институты енгізілді. Бұл өз кезегінде халық қалаулыларының жауапкершілігін арттырып, сайлауалды бағдарламаларын жүзеге асыруға ынталандырмақ, – деді вице-министр.

Қазірде көп көзіне түсе бермейтін, тіпті мұндай депутаттың бар екенін ел ұмыта бастаған халық қалаулыларының тізімі жасала бастады. Мәселен, «Egovpress» телеграмм арнасы Мәжіліс депутаттарының ішінде бүгінгі күнге дейін белсенділік танытпаған, тіпті бірле-бір сауал жолдамаған «үндеместердің» тізімін жариялай бастады. Әрине, депутаттың тағдырын өнді халық шешеді. Бұл орайда халық белсенділігі қажет. Бүгінде көкірегі ояу, көзі ашық қоғамда депутатқа қойылар талап та жоғары, бұл талап депутат үшін де, халық үшін де тиімді.

Гүлмира МАҒЛУМҚЫЗЫ

Басы 1-бетте



МЕТАҒАЛАМ: Ақпараттың шексіз мүмкіндігі

Бәрімізге белгілі «Facebook» иесі Марк Цукерберг өткен жылы компаниясының атын «Meta» деп өзгертті. Алайда бұл бір компанияның атауы ғана емес, жаңа технологияның бір бөлесі болмақ. Ол «Facebook» компаниясының метағалам болуынан үмітті екенін де жасырмады. «Meta» сөзі грек тілінен аударғанда «шексіз», «ары қарай» дегенді білдіреді. Оның айтуынша, метағаламның мүмкіндігі шексіз. Әлемнің кез келген бұрышындағы адамдар метағалам арқылы виртуалды әлемде бірге бос қоса алады, бірге жүргендей сезіне алады. Бір сөзбен айтқанда, метағалам – виртуалды шындық. Сарапшылардың пікірінше, метағаламның екі нұсқасы бар. Бірі – әлеуметтік желілерден метағаламға ауысқан адамдардың байланысы. Яғни бір тақырыпты әркім өз орнында отырып, бірге талқылау, түсініктеме беру, іс шараларға қатысу, форумдар өткізу, кездесулер ұйымдастыру. Келешекте

мұндай байланыс мессенджердегі хат алмасу немесе «Zoom» арқылы байланысудан гөрі анық әрі шынайы болады. Бір сөзбен айтқанда, метағалам адамдарға оқиға ортасында тұрғандай сезім сыйлайды.

Метағаламның екінші түрі – шекарасыз ойын әлеміне ену. Яғни кез келген жерде отырып, виртуалды ойынға қатыса аласыз, бірге ойнай аласыз.

Жалпы, метағалам – физикалық әлемнен цифрлық әлемге ауысу кезеңі. Ғаламтордағы барлық қызмет «Zoom»-нан бастап әлеуметтік желіге дейін барлығы метағалам біріктірген интернет дамуының жаңа кезеңі. Метағаламда физикалық әлемде бар нәрсенің аналогтары пайда болады: білім алудан бастап, киімге дейін, бизнестен ойын-сауыққа дейін. Марк Цукербергтің айтуынша, бұл алдағы 5 жылда болуы мүмкін.

Жалпы, цифрлық медиа, цифрлық әлемдегі ойын, цифрлық қызмет мұның бәрі цифрлық буынның тіршілік ету ортасы.

Ал метағалам мүмкіндігін жаңа дәуірдегі медиа қалай пайдаланады? Дәстүрлі БАҚ-тың цифрлық журналистикаға ауысуы жаңа технологияларды ұтымды пайдалана білуімен ерекшеленеді. Оқырмандармен виртуалды байланысу, сұхбат құру, ақпаратты, пікірталастар барлығы виртуалды әлемде жүзеге асады. Оқырман газетті виртуалды оқытқына да бүгінгі күні жаңалық емес. Ресейлік медиа сарапшы А.Амзин таяу жылдарда жаңа медиа форматы мессенджерлерде белсенділік танытатынын айтады. Анығын айтқанда, телеграм канал түрінде дамиды. Сарапшылар пікірінше, бұл кезде БАҚ айналасында қызық әрі белсенді аудитория пайда болмақ. Демек, медианың жаңа форматқа көшуі – уақыт талабы әрі оқырман сұранысы. Себебі оқырман өзі оқығысы келетін газетті немесе журналды цифрлық әлемнен іздейді. Демек, цифрлық әлемдегі орнымыз бос тұрмауы тиіс.

Г.ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Бояу кітапшалары баспа саласында ширек гасырлық тарихы бар «ASU» баспа үйі» ЖШС мен «Балапан» телеарнасы арасындағы келісім шарт негізінде шығарылды. Тұсаукесерде сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов отандық анимациялық фильмдердің бояу кітапшаларын шығару балалар жылы аясында бүлдіршіндерге жасалған үлкен сый болғанын атап өтті.

Шарада облыстық мәслихат депутаты, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев пен «ASU» баспа үйінің басшысы Қ.Қыдырбаев жылы лебіз білдірді. Сондай-ақ М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледж оқытушысы, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Айнұр Қарамұраева бұл туындылардың бала тәрбиесіндегі әсері мол екенін тілге тиек етті.

Жалпы елімізде қазақ тілді бояу кітапшалары жоқтың қасы. Бұл ретте «Балапан» телеарнасы өнімін алғаш рет суретті кітапша ретінде «ASU» баспа үйінен» шығаруда. Осы орайда жобаны жүзеге асыруда еңбек сіңірген журналист Айжан Абдуллаеваны сөзге тартқан едік.

– Биыл «Балалар жылын» да қорытындылайтын уақыт жақындап қалды. Ұрандап, мереке түрінде атап өту ғана емес, балаларды қорғау мақсатында ең алдымен денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасалуға тиіс болды. Осы орайда Қазақстан нарығында баспа саласында ширек гасырдан аса қызмет көрсетіп келе жатқан «ASU» баспа үйі» ЖШС мен «Балапан» телеарнасының арасында жасалған келісім шарт негізінде алғаш рет отандық анимациялық фильмдердің бояу кітапшаларын шығару қолға алынды, – дейді ол.

Ал кітапша ішіндегі суреттерді «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы» газетінің дизайнері Қуаныш Оразбаев өз қолымен салған екен.

Басы 1-бетте

– Суреттерді графикалық планшет арқылы салдым. Алғашқы тәжірибе болғандықтан ізденіс жасауға тура келді. «Сықырлы тас» бояу кітапшасы 20 графикалық бейнеден құралған. Оған 1 ай көлемінде уақыт кетті. Ал «Әл-Фараби» мультсериялының кейіпкерлерін салу қиындық тудырмады. Ол кітапшаға 30 графикалық сызба енгізілді, – дейді әріптесіміз.

Аталған екі мультсериял да танымдық маңызы зор, балалардың ой-өрісін дамытып, қиялын шыңдау, білімге ұмтылдыру мақсатындағы өнім. 3Д форматтағы «Сықырлы тас» «Балапан» арнасы көрермендерінің сүйікті мультсериялы. Қиял-ғажайып әлеміне қанат қақтыратын оны кішкентай көрермендер тапжылмай көреді. Ал «Әл-Фараби» мультсериялы жетіліп келе жатқан балалардың білімге, әлемді тануға деген құштарлығын оятып, танымын кеңейтеді.

Сүйікті мультсериялдардың бояу кітапшасы балаларды өзіндік ерекшелігімен баурай алады. Мәселен, «Әл-Фараби» бояу кітапшасы тек бояуға ғана арналмаған. Онда ұлы ойшылдың қанатты сөздерін бала зердесіне тоқуға болады. Сондай-ақ кітапшаға QR белгісі орнатылған. Оны сканерлеу арқылы екі мультсериялды кез келген уақытта тамашалауға мүмкіндік бар.

Қазіргідей жас та, жасамыс та смартфонға телмірген кезеңде буыны қатпаған жас өркенді шығармашылық жолмен шыңдауға мұндай құралдар маңызды рөл атқарады. Барлық баланың сурет салуға деген ынтасы жоғары болатыны белгілі. Ал оның сол қабілетін дамытуда мұндай жобалар керек-ақ.

Жиын соңында кішкентай бүлдіршіндерге баспадан шыққан жаңа өнім таратылды.

Айлана СЕЙІЛ
Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Құлдық қамытын кигісі келмегендер еркіндік үшін күресетінін біз Рим тарихынан, әйгілі Спартақтың оқиғасынан білеміз. Ал Араб сахарасындағы құлдық мәселесінің қалай шешім тапқанын Мұхаммед пайғамбардың өмір жолынан көруге болады. Тіпті басқа бір елді жаулап алушылар да басып алған елінің ұлын құл, қызын күң еткен. Еркіндікке ұмтылғандар құл болуға көнбейді. Бұған Бейбарыс Сұлтанға оқиғасы дәлел.

Африкалықтардың құлдықтан азат болуы азамат соғысы тұсында жүзеге асыпты. Сонда олар екі жүз жыл бойы нағыз азапты күндерді бастан өткергені ғой. Одан бері де тағы төрт ғасыр артта қалды. Өркениетті, дамыған, адам құқығы басты құндылық саналатын демократиялық қоғам орнады дейміз. Алайда ескінің сарқыншағы әлі де жойылмаған. Өкініштісі сол, құлдыққа жегу өркениетті ғасырда да жалғасын тауып, адам саудасы бүгінде жаһандық мәселеге айналды. Тіпті әлемдегі заңсыз ірі кәсіптер арасында үшінші орында деген ақпарат бар. БҰҰ-ның көші-қон комитетінің есебімен адам саудалайтындардың жылдық табысы 150 млрд АҚШ долларын құрайды. Ал адам саудасымен айналысатын елдердің көшбасын Балкан түбегі, ТМД елдері, Оңтүстік Америка, Орталық Еуропа, Африка, Шығыс Азия мемлекеттері бастайды екен.

ҚҰРБАНДЫҚ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

Адамдық қасиеттен ада болғандардың кәсібі құрбандық таңдамайды. Бұл қатарда жас та, жасамас та, ері де, әйелі де бар. Тіпті дүниеге келе сала саудаға түсіп жатқан сәбилерде бар.

Мұндай құрбандыққа көбіне қыз баласы ұшырайтын көрінеді. Әйелдің әлсіздігі, шарасыздығы дерсің. БҰҰ-ның дерегі бойынша олардың үлесі 70 пайызды құрайды. Ал әрбір үшінші құрбан – балалар екен.

Адам саудасының аясы кең. Мәселен, әйелдерді тән саудасы үшін құлдыққа ұста, ер азаматтарды жұмыс күші ретінде пайдаланады. Ал сәбилерді ағзасын пайдалану сынды түрлі мақсатта пайдаланады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰРБАНДАР КІМ?

Жасыратыны жоқ, бұл мәселе елімізде де өзекті. Қазақстандағы адам саудасы әйелдерді тән саудасына салу арқылы етек жайып отыр.

Басы 1-бетте

БРИФИНГ

Қала бойынша жыл басынан бері 156 өрт оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан 2 адам қаза болып, 1 адам жарақат алған. Жылу маусымында көмірқышқыл газынан улану дерегі тіркелмеген.



орнату да қауіптің алдын алуға маңызды. Бүгінгі күнге дейін тұрмысы төмен осал топқа жататын 280 отбасыға көмірқышқыл газын анықтайтын құрылғы орнатылды, – дейді Жасұлан Түйменов.

Сонымен қатар қазіргі уақытта «Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі ұсынған тізім бойынша «АлауГазАймақ» ЖШС-мен Наурыз және Махамбетов тұрғын ауданында тұратын тұрмысы төмен мүгедек жандардың тұрғын үйлерінің мұржаларын тазарту жұмыстары жүргізілуде.

Брифингте айтып өткендей, қаламызда ерекше аядама пайдалануға берілді. Атап айтсақ, өрт сөндірушілердің имиджін көтеру мақсатында өрт сөндірушілер аялдамасы салынды.

– Жаңа арт-жоба аялдаманы паналау мақсатында ғана емес, ақпараттық көмек ретінде де тиімді. Онда қауіпсіздік ережелерімен танысуға болады. Аялдама №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің жанында орналасқан. Креативті жобаны қала әкімі қолдады, тұрғындарға ұнаған секілді. Алдағы уақытта көбейту жоспарда бар, – дейді Ж. Түйменов.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Өрттің шығуына негізінен тұрғындардың қауіпсіздік шараларына салғырт қарауынан, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуінен және де балаларды қараусыз қалдыру себеп болады.

Өрт қауіпсіздігінің кепілі – сақтық шаралары. Қарапайым ұқыптылық пен тұрғындардың тұрмыстық мәдениеті тосыннан болатын көптеген өрттен аман сақтайды. Осы мақсатта жылу маусымы кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау және алдын алу үшін қажетті шаралар жасалуда. Бұл жөнінде қала әкімінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Түйменов кеңінен тоқталып өтті.

– Жылу беру маусымы кезінде 13 700 тұрғын үй секторы араладық. Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптары жөнінде кеңінен түсіндірілді. Сондай-ақ өрт қауіпсіздігі айлығы аясында әр аптаның сәрсенбі, жұма және сенбі күндері қала бойынша басқарманың қызметкерлері және ҚазТрансГаз мекемесі, полиция басқармасының қызметкерлерімен, волонтерлермен бірлесіп, жылу беру маусымы кезінде өрттің пайда болуын, адамдардың қаза болуын және жарақат алу қауіп-қатерін азайту мақсатында профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізудеміз. Жылу беру маусымына дайындық кезінде табиғи газды қауіпсіз пайдалану, оның ішінде түгін жолдары мен ауа желдеткіш каналдарын уақытылы тазалау қажет екені жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Көмірқышқыл газының құрылғысын



АДАМ САУДАСЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЯР КҮН БАР МА?

Қарақөздеріміз табыс табудың жолында құрыққа ілініп, Ресей, Түркия, Сауд Арабия елдеріне сатылуда. Сондай-ақ шет елдерге жұмыс істеуге барып, құлдыққа түсетіндер де көбейген.

Елімізге сырттан келетін эмигранттар да бұл кәсіпке таптырмас құрал болуда. Көрші Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан елінен келетін азаматтар мен азаматшалар елдегі адам саудасының басты кейіпкерлеріне айналуда.

Адам саудасына қатысты қылмыстық жауапкершілік елімізде 2006 жылы енгізіліпті. Алайда жауапкершіліктен жалтары жағдайы «бармақ басты, көз қысты» әрекеттер кәсіптің белең алуына жол ашқан сынайлы. Президент тапсырмасына сәйкес бүгінде «Адам саудасына қарсы күрес туралы» заң жобасы әзірленуде. Ол келер жылы көктемде Мәжіліс қарауына жіберіледі. Сондай-ақ адам саудасына қарсы күресте уәкілетті орган Еңбек министрлігі болып бекітілді.

Қазақстан 2008 жылы БҰҰ Палерм хаттамасына қол қойған. Хаттамаға сәйкес әрбір мемлекет өз еліне тұратын және шетелдік азаматтарға арнаулы әлеуметтік көмек көрсетуі қажет. Бұл көмек түрі бізде тек 2016 жылы ғана жүзеге асқан. Алайда оны тек адам саудасының құрбаны болған

қазақстандықтар мен тұрғылықты мекен-жайы бар, елімізде тұратын шетел азаматтары мен қандастар ғана ала алады. Ал елімізге уақытша еңбек етуге келген мигранттар адам саудасының құрбаны болса аталған көмек көрсетілмейді. Мұны мамандар халықаралық стандарт талабымен түсіндіреді.

АДАМ САУДАСЫ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Бұл күресте АҚШ мемлекеттік департаменті Қазақстандағы зияналы жауапкершілікті әлсіз деп таныған. Сондықтан елімізді бақылаудағы елдер қатарына қосыпты. Ал бұл қатардағылар 4 санатқа бөлінеді екен. Қазақстан оның ішінде үшінші санатқа енгізілген. Бір қызығы, осы санаттағы елдер түрлі халықаралық деңгейдегі шектеуге ілігуі мүмкін. Әлемнің ірі елдерінен санкция салынып, ел экономикасына нұқсан келетін деген қауіп бар.

Осыған байланысты былтырдан бастап Қылмыстық Кодекске өзгерістер енгізіліп, адам саудасында кінәлілерге жауапкершілік күшейтілуде. Оларға қылмыс деңгейіне байланысты 4 жылдан жеті жылға, ұйымдасқан топтарға 15 жылға дейін жаза тағайындалады.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Жуырда Ішкі істер министрлігі жыл сайын адам саудасына қатысты 100-ден аса қылмыс тіркелетінін мәлім етті. Министр Марат Ахметжановтың өзі бұл бағытта ешкімнің кешенді жұмыс істемегенін, мұндай қылмыстың себебі мен салдарына талдау жүргізілмегенін атап өтті.

– Қазір бізде адам саудасының құрбаны туралы толық мәлімет жоқ. Неліктен олар құрбанға айналады? Олар тұзаққа қалай түседі? Одан не себепті шыға алмайды? Өз құқықтарын неге білмейді, полицияға неге бармайды? – деді министр.

Мәселені ашып айтқан министр адам саудасы тек оның салдарымен күрес екенін жасырмады. Был бұған қатысты 4 айдың ішінде 30-ға жуық дерек анықталып, 3 қылмыстық топ ұсталған.

АЙМАҚТАҒЫ АХУАЛ

Айтып, айтпай не керек, қазақлықтың қаймағы бұзылмаған аймағымызда да құқығы тапталып, құлдыққа жетілгендер бар екен. Бұл жайында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Қазалы ауданы халқымен кездесу барысында белгілі болды.

Құлдыққа жетілген азаматтың қызы көмек сұрап, оған кент тұрғыны, ерікті Өмірбек есімді азамат көмектесіп, тиісті орындарға арыз жазған. Осыдан соң құлдыққа әке бостандыққа шығыпты. Дегенмен бұған қатысты сот ісі шырқуымыздың аяғына дейін шешімін таппаған. Оған алаңдаған белсенді аймақ басшысынан осы істі тікелей назарға алып, кінәлінің лайықты жаза алуына көмек беруін өтініп. Қазір бұл іспен республика деңгейіндегі заңгерлер айналысуда.

Р.С. Елімізде адам саудасына қатысты қылмыстық жауапкершіліктің әлсіз екендігін айттық.

Бұл мәселеге енді көңіл бөлінуде. Нақты заң жобасы келер жылы айқындалмақ. Ал заңсыз кәсіппен күресті ерте бастағандар бүгінде нәтиже беруде. Strategy2050.kz аналитикалық порталы келтірген мәліметке сүйенсек, Норвегия, Швейцария, Голландия, Грузия, Литва мен Эстония бұл күресте жоғары көрсеткішке қол жеткізген екен. Адам саудасына қатысты заң қабылдаған мемлекеттің қатарында Түркменстан мен Армения да бар. Ал біз келер жылды күтеміз. Оған дейін қанша адам құрыққа түсіп, саудаланатынын кім білсін?

Айдана САЙДУЛЛАҚЫЗЫ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП ҰСТАЛДЫ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтардың заңға қайшы іс-әрекетін анықтау және оның жолын кесу бойынша жұмыс жүргізуде. Комитеттің баспасөз қызметі ұзақ уақыт зерттеу нәтижесінде «А» арнайы мақсаттағы қызметін жұмылдырып, Қызылорда мен Аралдан өңірлік ұйымдасқан қылмыстық топтың 32 қатысушысы ұсталғанын хабарлады.



Комитеттің баспасөз қызметі мәлім еткендей 18 қазанда өткізілген шараны арнайы мақсаттағы қызмет пен прокуратура іске асырған.

– Ұсталғандардың қатарында трансұлттық қылмыстық ұйымдардың топ басшыларына бағынышты және солардың атынан әрекет етіп, Қызылорда облысының қылмыстық иерархиясында белгілі бір дәрежеге ие болғандар бар, – деп жазды ҰҚК баспасөз қызметі.

Қолда бар деректерге сүйенсек, топтың әр мүшесінің өзіне жүктелген міндетіне қарай нақты құрылымды қалыптасқан. Қажетті шешімдерді тұрақты түрде өткізіліп тұратын «жиналыста» қабылдап тұрған. Олардың тұрғылықты

А.БІРКЕНОВ

Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «А3» басыла ұйып. ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 Тапсырыс №1910

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ